



ӘОЖ 94 “10-15” (574.1)

FTAXP 03.20.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).19

Қайыркент Т.З.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: kairkentz@mail.ru

XIV-XVI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОЙРАТ-МОНҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОЙРАТТАРДЫҢ БАТЫСҚА ЖЫЛЖУЫ

Андатпа. Ойрат тарихы қазақ тарихын зерттеудің қосымша дереккөзі ретінде айырықша маңызға ие. Әсіресе, XV-XVIII ғасырлар аясындағы қазақ тарихын зерттеушілер үшін, сол кезеңге тән ойрат тарихын бірлікте қарастыру талап етіледі. Өйткені бұл кезде қазақ және ойрат халықтарының тарихында алма-кезек туындап жататын оқиғалар бір-біріне айырықша әсер етіп отырды. Мақалада ойраттардың Шығыс Моңғол тайпаларымен болған байланысы — Батула, Тоған және Есен тайшалар кезіндегі ойраттар мен Шығыс Моңғол ақсүйектерінің арасындағы билік тартысы, мемлекет басқару істері, Мин әулетімен байланыс, территориялық және этникалық тартыстар жан-жақтылы қарастырылады. Сондай-ақ, ойраттардың шығу тегі, түпкі Отаны, Шыңғыс әулетімен байланысы, Шығыс моңғолдардан ажырап батысқа кету себебі, Темір мемлекетімен, Моғолстанмен және Қазақ хандығымен байланысы зерттелген.

XV ғасырдың бірінші жартысында ойрат Есен тайшаның билігі тек ойраттарға ғана емес, солтүстікте қырғыздарға, Шығыс Түркістан шегіндегі ұйғырларға, Ганьсу өлкесі мен Хэси дәлізіне, шығыста джурджиттер мен Кореяға дейін жетті. Бірақ Есен өлгеннен кейін, ойраттар өздерінің тарихтағы жауынгерлік дәстүрінен айырылып, 150 жыл бойы бейбіт жағдайда өздерімен өздері іштей нығая, кемелдену кезін бастан өткізді. Бұл кезде олар Шығыс моңғолдармен болған текетірісте жеңіліске ұшырады. Нәтижесінде олардың басым бөлігі батысқа беттеді. Олардың Тянь-Шаньның солтүстігіндегі ұлан-байтақ қонысқа жаппай қоныс тебуі XVI ғасырдың екінші жартысында ғана мүмкін болды. Мақалада осынау аса ауқымды өзгерістерге назар аудару арқылы ойраттардың қазақ хандығымен көрші елге айналуына дейінгі тарихи жағдаяттар кеңінен зерттеп-зерделенген.

Кілт сөздер: Ойраттар; Шыңғыс ұрпақтары; Шығыс моңғолдар; Мин әулеті; Батула; Тоған; Есен; Аюшыдара; Елбе хан; ойрат тайпалары; қоныстанған жерлері; Даян хан; Анда хан; батысқа көшу.

Кіріспе

Ойрат тақырыбы түркі-моңғол халықтарының этно-мәдени, тарихи дамуына ортақ тақырып. Біздің ойрат тақырыбына қызығуымыздың басты себебі де олардың түркілік этно-мәдени кеңістіктен өсіп шығып, моңғолдарға сіңіп, кейін қайтадан түркілік кеңістікке жақын келіп, көрші қонуы. Сондай-ақ, қазақ, қырғыз секілді халықтармен саяси және рухани-мәдени қарым-қатынаста болуы. Сондықтан біз үшін ойраттардың түркі әлемімен қайта жақындасуға дейінгі кезеңін зерттеудің маңызы зор болмақ.

Ойраттар Рашид ад-Диннің «жамиг ат-тауарих» атты еңбегінде айтылатын Байқалдың оңтүстік-батысын мекендейтін «орман елдеріне» жатады. Моңғол үстемдігі дәуірінде ойраттардың өзге де «орман елдерімен», соның ішінде қырғыздармен болған қарым-қатынасы тіптен тығыз болған. Кейбір халықтық аңыз-әфсаналарға сүйенсек, қырғыздар ойраттардың ата тегінің бір тармағы болып шығады [1, 53 б.]. «Моңғолдардың ата тегі» деген кітаптың III бөлімінде ойраттар бұрын төрт тайпа ел болған деп жазылған. Осы кітаптың 5-бөлімінде ойрат ақсүйегі «Үгішқашқа ойрат пен кешегүттен шыққан» делінеді. Бұнда айтылған «*кешегүттер*» кей ғалымдардың пікірінше байырғы қырғыздар. Осыған негізделіп, ғылымда қырғыздарға



ойраттардың ата-бабасы ретінде сілтеме жасаушылар кездеседі. Олар, тіпті, қытайдың Хан әулеті кезінде хатқа түскен көне цзянгуьндерді (坚昆-қырғыздарды) ойраттардың түпкі этникалық қайнары деп қарайды [1, 53 б.].

XV ғасырда ойраттарға Есен басшылық еткен дәуірде Енесай бойындағы қырғыздарды да өз қарауына алды. Ойрат жұртының атақты тарихи дастаны «Жәңгір» мен қырғыздардың атақты тарихи дастаны «Манас» эпосында осы бір тарихи кезеңдегі жағдаяттар молынан қамтылған. Бұл екі дастанда негізінен отын-суы, өріс-қонысы бір отырған қырғыз бен қалмақ жұртының арасында туындап жататын әр түрлі қақтығыстар мен алым-берімдер, әдет-салттар сөз болады. «Манас» жыры сол XIII- XIV ғасырларда өмірге келген. Манастың Ойрат ханы Тоған тайшаның қызын алғаны қырғыз жұрты мен ойраттар арасындағы тығыз қарым-қатынастың айғағы болып табылады. Ондағы мәліметке сүйенсек, Есен хан Манастың жақсы досы болған. Манастың әкесі де кезінде қалмақ (ойрат) қызын алған. Манастың бір әке, басқа шешеден туған ағайыны қалмақ қызын алып одан алты бала сүйген, бірақ олар қырғыз тілін жарытып білмеген.

Шын мәнінде, қырғыздардың «Манасы» мен монғолдардың «Жәңгірі», тибет-таңғұттардың «Гэсері» сынды осынау үш үлкен тарихи жырда бейнеленген оқиғалар мен кейіпкер болмысының өзара ұқсас жақтарын байқау қиын емес.

«Манас» жырын бірінші рет зерттеген Ш. Уәлиханов та оны ноғайлы заманында (XIV-XV) шыққан деп түсіндіреді. Ал, кей ғалымдар бұл жырдың шығуын Жоңғар дәуірінде болған оқиғалармен, сол кездегі кісі аттарымен байланыстырады. Ә. Марғұлан бұның бәрін даусыз тұжырым деп қабылдауға болмайтындығын айта келіп, оны ежелгі ерлік заманды меңзейтін (XIII ғасырдан бұрынғы) батырлық ертегі, мифтен бастап, ортағасырдағы ноғайлы-қыпшақ заманының (XIII-XV ғ.) аңыздарын, эпикалық жырларын, жоңғар шабуылымен қатысты оқиғаларды т.б. қамтып, бір-бірімен тұтасып, қазірге жеткен көненің көзі ретінде қарайды [2, 116-118 б.].

Осы мысалдардан қырғыз бен ойрат халықтарының саяси және рухани байланыстарының кейін келе өз көлемінен асып, монғол, тибет және қазақ рул-тайпаларына дейін әсер еткенін байқауға болады. «Манас» пен «Жәңгір» және «Гэсер» жырларындағы элементтердің өзара араласып жатуы бір кездері Саян, Алтай, Алатау, Арқа, тіптен сонау Тибетке дейінгі Ұлы Далада өте тығыз саяси-әлеуметтік және мәдени байланыстардың болғандығын көрсетеді. Ендеше, біз ойраттардың Орталық Азияға қоныс аудару себептерін талдап көрейік.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ойрат тарихы туралы деректер ең әуелі монғол тіліндегі көне жазбаларда, қытай деректерінде, ортаазиялық түркі тілді және араб тілді деректерде көзге түседі. Олар туралы тек тибет тіліндегі деректердің өзі бірсыпыра екені Ш.Бираның «Тибет тіліндегі монғол тарихының деректері» (Монгольская тибетоязычная историческая литература в VII-XIX вв.) [3] және «Монғол тарихнамасы» (Монгольская историография) [4] атты еңбектерінде қарастырылған. Ойрат тарихының ұзақ кезеңі туралы баяндайтын деректердің көбі Қытайдың Мин (1368-1644) және Цин (1644-1912) патшалықтары кезіндегі тарихи жазбаларда, жылнамаларда көрініс тапқан. Ресейлік әйгілі монғолтанушы және тибетолог, академик И.Я. Шмидт монғол тарихын зерттеудегі басты әрі сенімді дерек көзі ретінде әр дәуірдегі қытай жазбаларын атап өтеді [5]. Мұндай пікірді Ресей синологиясының негізін салушы Н.Я. Бичурин (Иакниф) де ортаға қояды [6].

Аталған кезең туралы қытай тіліндегі нақты тарихи деректерге келсек, ол ең әуелі «Монғолдардың түп-түқиянынан» (蒙古源流) басталады. Ойраттардың Шыңғыс әулеттері Қытайда тақтан түскеннен кейінгі тарихы туралы Мин патшалығы кезіндегі жылнамалық



әдіспен жазылған «Мин тарихының Орда естеліктері» (明实录) атты ауқымды тарихи деректер жинағында біршама жүйелі баяндалған (бұл деректер Қытайда бірнеше рет қайта басылды).

Ойрат тарихының аталмыш кезеңін ғалымдар Ресейде В.В.Григорьев, В.Успенский, Грум-Гржимайло, А. Попов, А.М. Позднеев, В.А.Мойсеев, И.Я. Златкин, Қытайда Ду Жункунь, Бай Суйцин, Ван Хонцзюнь, Лю Жучжун, т.б ғалымдар зерттеді.

Зерттеу барысында деректанулық және тарихи-географиялық талдау мен тарихнамалық сараптама әдістері қолданылды. Ол үшін әлемдік тарихнамалық концепциялар, теориялық пайымдар айырықша маңызға ие. Бұл ретте ұлт пен этнос, тарихи территория және қазіргі шекаралар факторы, сондай-ақ олардың өзара байланысын реттеу проблемасы алдан шығады. Мақалада тарихи деректерге және өзге де ғалымдардың зерттеу материалдарына, пікірлеріне сүйене отырып, этностың дамуы мен қоныс аударуы, оның себептері секілді нақты мәселелердің себептерін ашуға көңіл бөлінді.

Талқылау

Қытайдың Манжу-Цин империясы дәуірінде (1644-1911) біртіндеп күшейген Жоңғар ақсүйектері Енесай мен Тянь-Шань өлкесіндегі қырғыздарды қол астына алды. Қытайдың «Батыс өңір шежіресінде» (西域国志) жазылуынша, сол кезде ойрат ру-тайпаларын жаңадан анықтаған тұста, олардың ішінде төрт төлеңгіт зайсаны болған. Олардың адам саны төрт мыңға толғандықтан, бір отұқ (аудан) етіп құрылған. Қырғыздардың төрт зайсаны төрт мың елімен бір отұқ болған [7].

Ойраттар Шыңғыс ханға өз еркімен бағынғаннан кейін, моңғол қолының алдыңғы шебінде жүріп, империяның қанатын кеңге жаюына өлшеусіз үлес қосты. Бірақ уақыт өте келе, бір кезде айдарынан жел ескен Шыңғыс әулеттерінің Иран мен Тұран жұртына кеткендері ислам дініне сенсе, Қытай қорғанынан ары барғандары бұддизмге ден қойды. 1307 жылы Құбылайдың ізбасары Темір небәрі 43 жасында қайтыс болды. Ендігіде оның ізін басып отырған патшалардың бәрі жастайынан нәпсіқұмарлыққа салынып, бос белбеу өскендіктен, билік басында көп тұра алмай бірінен соң бірі тағынан тайды. Құбылайдан соң тақта көбірек отырған патша - Юан Чүнди, яғни Тоған Темір (1333-1368) болды. Ол монғолдық Юан әулетінің (1279-1368) ең соңғы ханы ретінде тарихта қалды. Тоған Темір биліктен кеткеннен кейін, Монғол үстіртінде хандық билік үшін тартыс басталды. Орталық хандық билік өзіндегі бар бедел мен мән-маңызынан айырылды [8, 31 б.].

Тоған Темірден кейін оның ұлы Аюшыдара (1370-1378) хан болып «Білікті хан» деп аталды. 1378 жылы Аюшыдара өлген соң оның ұлы Төгіс Темір таққа шықты (1378-1388), ол таққа отыра сала түстіктегі Миң әулетіне қарсы соғыс ашты. Бірақ оған жауап ретінде 1380 жылы Миң әулетінің қыруар қолы Халқа Моңғолға дейін жорық жасап, моңғолдардың дәстүрлі астанасы Қарақорым шаһарын өртеп, мәдени мұралар мен қазына мүлікті түк қоймай тонап, қайтып кетті. 1382 жылы Миң әулетінің 15 түмен (150 мың) қолы Холүнбердегі Төгіс Темірдің ордасын талқандап, Төгіс Темірдің өзі сол соғыста жазым болды.

Жалпы алғанда, ойраттар мен моңғол Шыңғыс әулетінің арасындағы қақтығыс бұл кезде жаңадан құрылған Мин патшалығы үшін тиімді болды. Олар Шыңғыс әулетінің де, ойрат ақсүйектерінің де бір-бірімен соғыс нәтижесінде әлсірегенін қалайтын. Ал ойрат ақсүйектері үшін Шыңғыс әулеттері бұл кезде нағыз қарсыластарға айнала бастады. Д. Банзаровтың пікірінше, шығыс моңғолдарына деген өшпенділік ойраттардың біріккен ойрат одағының қалыптасуындағы негізгі қозғаушы фактор болды [9]. XV ғасырдың соңында, кейінгі Шыңғыс әулетінің соңғы хандарының бірі Елбе ханның әйелі Өлжете ойраттан шыққан бас уәзір – Хохай-Даюды қастандықпен өлтірді. Алайда Елбе хан Хохай-Даюдің нақақ өлтірілгендігін сезіп, оның ұлы Махмұтқа (Батула деп те аталады) пен-шекпен силап, өз қызы Самұр бикені оған күйеуге



берді. Сонымен Махмұт (Батула) бүкіл ойрат жұртының бегі болып шыға келеді. Бұған сол кездегі ойрат бегі Мөңкетемір (Үгіш Қашқа=Угейши Хашига) өте наразы болды. Елбе хан бұл хабарды естіген соң, дереу Батуланы шақырып, Мөңкетемірдің көзін жоюды жоспарлады. Бірақ, Елбе ханның бәйбішесі дереу Мөңкетемірге хабар беріп, оны сақтандырды. Сөйтіп, Мөңкетемір (Үгіш Қашқа) 1399 жылы неше мың ойрат қолын бастап барып Елбеханды өлтіреді, һәм оның жесірі Өлжетіні өзіне қаратып алады. Сол кезде ойраттан басқа монғолдардың тең жарымы Мөңкетемірдің қол астына қарайды. Бұлардың ішінде монғолдардың ірі ақсүйегі Арғұтай да бар еді. Кей тарихшылардың пікірінше, ойраттар дәл осы кезден бастап тарих сахнасына шығып, еркіндік алады.

Мөңкетемір Елбе ханды өлтірген соң, бірден Монғол тағына отырып, билік жүргізуге асықпай біртіндеп өз күш-қуатын арттыруға тырысты. Бұл мезгілде монғолдың хандық орнында Күнтемір (1400-1402) отырды. Миң патшалығы да бұл кезде терістіктегі монғол билігін онан сайын әлсірету үшін монғол билеушісі Күнтемір мен Ойрат билеушісі Мөңкетемірден қалай пайдалану мәселесін ойластырып жатты. Кейін келе, орай пісіп-жетілді деген кезде ойрат ханы Мөңкетемір монғолдарының ірі ақсүйегі Арғұтаймен бірлесіп, Күнтемірді хандық орнынан тайдырды. Арғұтай таққа отырды. Сол кезде ойраттардың күші екі үлкен бөлікке бөлінді: оның бір жағында Мөңкетемір, яғни, Үгіш Қашқа басшылық еткен Арғұтай, Есентай, Марқазар қатарлылардан құралған Шығыс монғол ақсүйектері тұрса; енді бір жағында Махмұт (Батула), Таймық, Батұболды өкілдік еткен кілең ойрат ақсүйектері тұрды. Сөйтіп, бұл екі бөлік арасындағы қақтығыстар күн сайын шиленісе түсті. «Миңтай-Цзун естеліктерінде» бес жерде олар арасында болған шайқас сөз болады. Бұл соғыстардың бәрінде олар бірін-бірі ала алмайды [10, 85 б.].

Осы тұста Миң патшалығы Арғұтай бастаған шығыс монғол ақсүйектерін қолдап, олардың шекара саудасын жүргізуіне кең жол ашып, батыстағы ойрат ақсүйектерін қақпайласа да, түптің түбінде таза Шығыс нәсіліне өкілдік ететін Шығыс монғол ақсүйектерінің күшеюіне қарсы болды. 1416 жылы болған соғыста Миң Чэнцзун патша ойраттарды ойсырата жеңген соң, сәл саябырлап, ендігі жерде Арғұтай бастаған таза монғол ақсүйектерінің өзіне қатерлі күш ретінде қалыптасуының мүмкін екендігін межеледі. Сонымен жалт беріп ойраттарды қолдау жағына өтті.

1418 жылы Миң патша ордасы Махмұттың ұлы Тоғанға Си сюн-ван (袭顺王-атойшы, бойсынғыш патша) деген шен беріп, марапаттады әрі солтүстікке – Арғұтайға қарсы үш рет шабуылға шықты. Ал Тоғанның жеке басына келсек, ол үлкен мақсаттың адамы еді. Миң патшалығы үш мәрте шеру тартқан кезеңдерде ол орайды мықты игеріп, асығып-аптықпай жарақ жабдап, қол сайлап болашақ ұлы шайқасқа дайындалып жатты. 1424 жылы ол бұрын Мөңкетемір мен Махмұт жағында жүріп азып-тозған ойрат жұртын өз қол астына мықтап ұйыстырып, әке өсиетін ақтады. Ойраттардың өз ішінен бірлесуі олардың толықтай тарихи сахнаға шығуына, сыртқы жауларының алдында тізе бүкпей, мерейі үстем бола беруіне негіз қалады.

Тоған тайша өз елінің еңсесін көтеріп, іргесін бекемдеген соң, 1434 жылы Шығыс монғол билеушісі Арғұтайға қарсы шеру тартты. Неше дүркін шайқаста Арғұтайдың күші әлсіреп, құзырындағы тіректі сардарлары бет-бетіне бытырап кетті. Зауал күнінің жеткенін білген Арғұтай жалғыз өзі ұранхайлардың жұртына қашып барып паналады. Талай жыл соңына шырақ алып түскен ойрат қолы оны Мона тауының бөктеріндегі Чағанаула (Ақкөл) деген жерде ұстап, көзін жойды. Оның ел-жұрты түгелімен ойрат көсемі Тоған тайшаның қоластына өтті [10, 85 б.].

Бұдан соң, бүкіл ойрат-монғолға билік жүргізіп отырған Тоған тайша енді бір мезгіл бәрінің үстінен қарайтын «Ұлы хан» болғысы келді. Бірақ қалыптасқан дәстүр бойынша бұндай



орынға тек «алтын текті» деп аталатын Шыңғыс әулеттері ғана отыруы шарт еді. Егер бұлай болмағанда, монғолдар тағы да наразы болып, ел ішінің берекесі шайқалуы мүмкін болатын. Сонымен Тоған тайша өзінің бұл ойынан саналы түрде бет бұрып, Шыңғыс нәсілінен шыққан Тоқтабұқаны хан сайлатты, әрі оны Керулен өзені бойына қоныстандырып, оған өз қызын ұзатты. Тоған тайшалық лауазымымен құмдықтың солтүстігінде тұра берді. Ол өзінің хан әулетімен құда-андалық байланысына сүйене отырып, Кайпиннің солтүстігіндегі харшын қатарлы тайпаларды бойұсындырып, тұтас ойрат-монғолдың саяси, экономикалық билігін өз қолына мықтап ұстады. Тоқтабұқаның тек ұлы хан деген атағы болмаса, барлық істе ойрат-монғолдың білікті билері мен жасауыл басылары Тоған тайшаның дәрегейіне жүгініп, айтқанын істеп, айдағанына жүріп отырды. 1438 жылы Тоған тайша Арғұтай тіктеген Адай ханды және оның уәзірі Дотжыбайды Ганьсу-Шанси өлкесінің солтүстік жағында жеңіп, Ежинаны (Ішкі Монғолиядағы Ежине ауданы) басып алды. Бұл ара ежелден тоғыз жолдың торабы болып, әскери мақсат пен сауда-саттық үшін өте маңызды өткек еді. Осылайша Аққамалдың Солтүстігі түгелімен Тоған тайшаның қол астына өтті [10, 85 б.].

1439 жылы Тоған тайша қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы Есен билік басына шықты. Саған Сеченнің «Ердени тобшы» (Qad-un ündüsün-ü Erdeni-yin tobşı -хандардың қайдан шыққаны туралы қымбатты дәйектер) атты кітабында: «Забхан дәрияда 8 мың үйлі хойұт, Ертіс бойында торғұт, Хобда атырабында хошұт, Жалмахан тауында бабұт, Тоба тауының күнгеі қапталында чоростар бар» деп жазылған [11]. Ол бойынша ойраттар XV ғасырдың 30-жылдарында Ханхай тауының батысынан Алтайдың күнбеті, Тянь-Шань алқаптарына дейін қоныстанғанын үлгерген. Есен дәуірінде Шығыс Түркістан шегіндегі Құмыл аймағы, Ганьсу жеріндегі Сажоу, Хандэн, Шэцзин қатарлы жерлерді өз ілкіне алған еді. Есен бұл өңірде ойрат билігіндегі «Ганьсу өлкесін» құрды. Ал шығыс жақта ұраңқай үш кептеуілін иелеп, жүршіндерді басып алды. Ендігі жерде онан да әрменге – Корей бұғазына бұғалық салып, олардан қыруар тарту-таралғы алып, сый-сыяпат көрді. Сонымен бірге Миң хандығының шекара шебіне шабуыл жасап, бір кездегі ұлы Юан хандығын қайтадан құру ойында болды. Ал, И.Я. Златкин XV ғасырдың 30-шы, 40-шы жылдарында ойраттардың әскери жорығы Моғолстанға дейін кеңейгендігін тілге тиек етеді [12, 31 б.].

Бұл кезде ойрат елінің батысында Моғолстан хандығы мен бұрынғы Алтын Орда хандығы құрамындағы Ақ Орда және Көк Орда хандығы өмір сүріп тұрды. Жошы кіндігінен тараған ұрпақтар XIV ғасырдың орта шенінен кейін-ақ Алтын Орданың билігіне таласып, бір-бірімен жауласып кетті. Қазақтар «нар мойны кесіліп, Бердібектің өлген жері» деп атайтын бір бұлғақ заманнан кейін, Алтын Орданың негізін салған Батудың тұқымы құрып, Жошыдан тараған басқа әулеттер ішінде таққа талас басталды. Кейін келе Көк Ордада билік құрған Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандар Шайбан әулетінен шыққан Әбілқайыр билігінен бас тартты да, соңынан ерген барлық жұртымен түп қопарыла көшіп, Қозы-Басы мен Шу өзенінің бойында дербес хандықтың туын көтерді. Бұл жаңа ұлыс Қазақ Ордасы (қазақ хандығы) деп аталды. Мұхаммед-Хайдар Дулаттың куәлөндөруы бойынша, бұл оқиға 1465 жылы болған [13, 195 б.].

Демек, Шығыс Түркістанның солтүстігінде ойрат хандығының қалыптасу барысы (яғни ойраттардың бірлікке келуі – 1418-1450 жылдары) Орта Азиямен Дешті-Қыпшақта Қазақ хандығының (ордасының) құрылу барысымен (қазақтардың бір орталыққа бағыну) тұспа-тұс келеді. Қазақ-ойрат халықтарының өріс-қонысы араласып қоңсы отыруы міндетті түрде мүдде қақтығысына алып келді. 300 жылға созылған қазақ пен жоңғар хандығының қарым-қатынас тарихында олардың «белдесе келіп елдескен, елдесе келіп белдескен» сәттері көп болды. Академик М.Қозыбай былай дейді: Ойраттар «Есен тайша кезінде 1452 жылы Шу өзенінің жағасына жетті... Қазақ-қалмақ соғыстары XIV ғасырдан бастап, 1771 жылға дейін созылды.



Үздік-создық, бірде шабысып, бірде алысып, түркі тектес екі халық үш жүз алпыс-жетпіс жыл шамасы өзара қырқысты» [14, 14 б]. Қазақ пен ойрат жұртының қатынасы суық тартып, ең ушыққан кезі XVIII ғасырдың 20-50 жылдарының арасы болды.

1465 жылы Жәнібек пен Керей хандар Моғолстан билеушілерінің қол астындағы Шу өзені бойынан шаңырақ көтеріп, дербес Қазақ Ордасын құрған кезде оның шет-шегі батыстағы Ноғай хандығы мен шығыстағы Моғолстан жеріне дейінгі кең өлкені алып жатты. Яғни, осы кезде Орта Азияда екі ірі қуатты мемлекет – Қазақ Ордасы мен Ойрат жұрты қалыптасып болған еді.

Есеннің дәуірінде ойраттар төрт төңірекке бірдей жорық жасады, олар Шығыста Ұранқай үш кептеуіліне, жүржүттерге, оңтүстік-батыста Құмыл аумағына шабуыл жасап, сол бағыттағы Сажоу, Сицзинь, Хандоң қатарлы уалаяттарды басып алды, ал батыста Елбалыққа, солтүстікте Ангара тауының түстігіндегі Енесай қырғыздарына шабуыл жасады. Шығыс монғолдар мекендеген Керулен өзені мен Холүнбер даласы осы иеліктің ішкі бөлігінде қалды. Бұдан сол кезде ойраттар батысқа – Орталық Азия мен Қазақ Ордасына шапқыншылық жасаудың дайындығына ерте кіріскендігін байқаймыз. «Тарихи Рашиди» Елбалық елінің шет-шекарасы туралы айта келіп, ол шығыста қалмақтармен (ойраттармен) тұтасады, қалмақтар Байұсыл (Bayisul), Имал (Imal), Ертіс (Irish) жағында тұрады» дейді [15].

Бұдан біз Шығыс шапқыншылығынан 200 жыл кейінгі бір мезгілде Ертіс пен Баркөл өңірлері Ойрат пен Моғолстан (Елбалық) елінің шекарасы болып тұрғандығын байқаймыз. Демек, сол кезде ойраттардың әсері осы өңірлерге дейін жетіп үлгерген. «Миң патшалығы тарихы, батыс өңір баянында»: «Бесбалық батыс өңірдегі ірі мемлекет, оның оңтүстігі Қотан аймағымен, солтүстігі ойраттармен шектеседі» делінген [16]. Миң патшалығы кезіндегі Чэнь Чэн (陈 诚) «Батыс өңірге елшілік сапар» (使西域记) деген еңбегінде: «Бұл елдің (Елбалықтың) шығысы Құмылмен, батысы Самарханмен шектеседі, кейін Темірдің қол астында болды, бүгінде оның батысы Тоқмақпен, солтүстігі ойраттармен шектеседі» деп жазады.

Жоғарыда XV ғасырдың басында ойраттар Махмұт, Тоған тайша заманын бастарынан өткізіп, Есен Билік құрған дәуірге келгенде, оның билігі тек монғол-ойраттарға ғана емес, солтүстікте қырғыздарға, Шығыс Түркістан шегіндегі ұйғырларға, Ганьсу өлкесі мен Хэси дәлізіне, шығыста Жүржіт пен Корей жұрттарына дейін жетті. 1449 жылы Есен тайша Қытай қорғанынан өтіп, Мин әулетінің астанасы Пекинге дейін төніп, 25 мың атты сарбазбен 500 мың адамдық Қытай қолын ойсырата жеңіп, Қытай императоры Мин Инцзунды бір жыл бойы кепілде ұстады. Есеннің өзін «Ұлы Юан патшалығының Тәңір текті киелі қағаны» деп атап, Юан патшалығы кезінде монғол үстемдігін қайтадан орнатпақ болғаны да оның тарихтағы үлкен ерлігіне айналды.

Алайда бірсыпыра ғалымдар, соның ішінде В.В.Григорьев, В.Успенский, Грум-Гржимайло, А. Попов, А.М. Позднеев т.б Есен өлгеннен кейін ойраттардың 150 жыл бедерінде әлсіреп, шығыс монғолдарымен белсенді байланыста болмағанын, керісінше олардан іргесін алыс алып, солтүстікке қарай жылжығанын, осы уақыт бедерінде олар өздерімен өздері кемелдену және ішкі реттелу жағдайында өмір сүргенін тілге тиек етеді [17], [18], [19], [20], [21].

Есен өлгеннен кейін, Шығыс Моңғолдың хандық орны монғолдардың өзіне қайтты. Есеннің әйелі Сайшири, үлкен ұлы Холқо-дасұн, уәзірі Баянтемір Шығыс монғолдарының қол астынан қашып шығып, біраз елмен Ганган (Забұхан) өзені бойына қоныс тепті. Есеннің інісі Бату Есеннің немерелерін ертіп, батыстағы Құмыл уалаятын билеп тұрған жиендері жаққа кетті. Ал көпшілік ел Есеннің екінші ұлы Аштемірдің бастауында Гоби шөлейтінің солтүстігіндегі ұлан-байтақ даланы барып мекендеді. Осы кезден бастап монғолдар мен ойраттардың арасында ірі қақтығыстар жиіледі.



1487 жылы бұл орайды ұтымды пайдаланған Шығыс монғолдың жас ханы, Шыңғыс ханның 15-ұрпағы Даян хан (达延汗) тұтқиылдан шапқыншылық жасап, Ойрат шегіне басып кірді. Осылайша ойраттар Гоби шөлейтінің солтүстігіндегі қыр өлкенің шығыс жағынан сырыла көшіп, оның батыс жағына барып қоныстанды.

1496 жылы Даян хан 3 мың адамдық елшілер үйірмесін (делегациясын) Пекинге жіберіп, ханға тарту-таралғы ұсынбақ болып жатқанда Пекиннен: «Ойрат қолы саған шабуыл жасағалы жатыр. Қазірше тұра тұрып елшілерді күзде жібер» деген суыт хабар келеді [22]. Даян хан жалт беріп ойраттармен соғыс жүргізеді. Бұл екі халықтың бір-біріне жауыққаны сонша, ендігіде олар Қытай қамалының терістігіндегі кең далаға сиысудан қалды. Нәтижесінде ойраттардың және бір табан қозғалып, батысқа қарай ығысуына тура келді. Бұл кезде батысқа қарай жылжыған ойраттардың алдынан Тұрфан диарындағы тұрғын халықтармен болған соғысы басталды. Бірақ ата-бабаларынан бермен Қытай шегінде талай қанды шайқастың куәгері болып, сұрғып, ысыла түскен ойрат жасауылдарды Тәңіртау (Тянь-Шань) мен Боғданың күнге бетіндегі егінші аймақтарды оп-оңай басып алды.

Бүгінге дейін хатқа түскен ойраттар мен Орта Азия және Қазақстан билеушілерінің арасындағы ең алғашқы қарым-қатынас XIV ғасырдың соңғы кезеңіне тұспа-тұс келеді. 1397 жылы Темір Дешті-Қыпшаққа, Кавказ бен Орыс жеріне жасаған жорығынан қайтып келе жатып Акташ деген жерде ойрат елшісін қабылдайды [23]. Белгілі болғандай, сол кезде ойраттар оның Орта Азияға бағытталған жорықтарына қатысқан. Алайда, Темір ойратқа өз елінің шығысынан жер беруге қарсы болды. Уәйіс хан Моңғолстанға хан болған дәуірде ол шығыстан төнген ойрат жаулаушыларымен 61 мәрте шайқасқа шығып, соның бірінде ғана жеңіске жетеді. 1425 жылы Әмір Темірдің немересі Ұлықбек Моғолстанға солтүстік бағыттан басып кіріп, қыс бойы әсерлерімен Жұлдыз атырабындағы таулы алқапта – ойраттар қоныстанған жерлердің оңтүстігімен және батысымен шекараласатын өңірде бірнеше ай бойы тұрды [24, 73 б.]. Мұнда да, ол ойраттардың шабуылының алдын алу, күш-қуатын бағамдау үшін барған еді.

Қазақ хандығы құрылып көп өтпей, қазақтардың шет-шегі Дешті-Қыпшақты қамтыған ұлан-байтақ өңірге қанат жайды. Қазақ жұртының Әбілқайыр мен Шайбани бастаған ірі қарсыластарын жеңуі – бұл елдің күш-қуатын онан сайын арттыра түсті. Соның арқасында Қазақ хандығы қуатты көшпенді мемлекетке айналды, оның басшысы Бұрындық (1480-1511) пен Қасым хандар (1511-1518) көшпші тайпаларды бейбіт түрде өзіне қосып алу есебінен және Орталық және Оңтүстік Қазақстанға, Орталық Азияның солтүстік аймақтарына жасаған жорықтарының нәтижесінде өз иеліктерінің аумағын айтарлықтай кеңейтті. В.В. Бартольд 1552 жылы Тәуекел ханның ойраттарға қарсы шапқыншылық жорықтар жасағанын тілге тиек етеді [25, 96 б.]. 1557 жылы Орталық Азия арқылы Қытайға өтпекші болған ағылшын көпесі әрі саяхатшысы Дженкинсон қазақтар мен ойраттар арасында соғыс болып жатқандықтан өз мақсатын іске асыра алмағанын тілге тиек етеді. Оның сөзінше, бұл соғысқа Ташкент үшін тартыс себеп болды [26, 90-91 б.].

Өйткені бұл тұста ойраттардың қонысы едәуір кеңейген еді. Ең шығыс бөлікте монғолдармен жанасып ойраттардың хоит тайпасы отырса, оның батысын ала торғауыттар отырған. Ал, торғауыттың батысында чорос, хошұт тайпалары отырған. Бұлардың қыстауы мен жайлауының шет-шекарасы да үнемі өзгеріп отырған. Мысалы, торғауыттар 1558 жылдың шамасында Жалма тауында отырса, 1562 жылы Қара Ертістің бойына келіп қоныстанған, 1568 жылы тағы да Алтай тауының Ұда-Тотым деген жеріне қоныстанған.

Алайда, Қазақ Ордасының күшеюіне байланысты, ойраттардың көрші аймақтарға бағыттаған шабуылдары сәтсіздікке ұшырап, олардың батыс жақ бөлігі XVI ғасырдың соңын ала Қазақ Ордасына тәуелді болып қалды. Сондықтан Ресей патшасы Иван IV-нің 1594 жылы Ноғай Ордасына жіберген елшісі Данила Губин Москваға қазақтардың күштілігі және олардың



төңірегіндегі ойрат секілді жұрттарды бағындырғаны жайында хабарлаған [27, 47 б.]. Мәскеудегі Қазақ елшісі Құл-Мұхамет 1595 жылы Ораз Мұхамет сұлтанмен болған әңгімесінде: «Сенің туысың Тәуекел ханзада Қазақ Ордасына (хан болып) орнықты, ал өзінің бауыры ханзада Шаһмағамбетті қалмақтарға (ойраттарға) хан етіп отырғызды. Олардың бәрі жақын көшіп жүр, барлығы бірге» дейді [28, 291 б.]. Құл-Мұхаметтің елшілігі туралы хатталған істе Тәуекелді «қазақтар мен қалмақтардың (ойраттардың) патшасы» деп атаған [29, 3 б.]. Тәуекелдің бұндай атақпен аталуын басқа деректер де растайды.

XVI ғасырдың орта шенінен кейін мал-жанға қолайлы қоныстар іздеу, ақсүйек, нояндарға тиесілі жер бөліп беру, тағы сондай әр түрлі мақсаттармен Шығыс монғол билеушілері оңтүстік және оңтүстік-батыс бағыттағы Ордос пен Көкнор өлкелеріне қарай жылыстап көше бастады. Бұлардан бөлінген бір қауым ел тура солтүстік-батысқа бұрылып, Қарақорым, Селенгі, Алтай тауы аңғарларына барып қоныстанды. Бұлар осы көшіп барған жерінде өсіп өніп, кейінгі кезде айтылып жүрген «Халқа монғолы» болып қалыптасты. Олар жоғарыда аталған жерлерге мықтап ірге тепкеннен кейін, өздерімен араласып, қоңсы отырған ойрат ауылдарына тізе көрсетіп, оларды үздіксіз батысқа қарай ығыстырды. Қайда барса да Монғол зорлығынан құтыла алмаған ойраттар батысқа-Алтай тауының күн беті мен Тарбағатай, Тянь-Шань, Іле бойына қарай көшуге мәжбүр болды. «Мин әулеті Шицзунның естеліктерінде» ойраттар онда барғаннан кейін де «Қазақтар мен Тұрфандықтардың ығыстыруымен, Көкнор өңіріне барып жаңадан мал-жанға жайлы қоныс іздеген (明世宗实录. 二百三十八卷). Ойраттар Көкнорға барғасын онда бұрын қоныстанып алған Шығыс Монғол ақсүйектерімен тағы да қақтығысуларына тура келді.

Сол тұста Шығыс Монғолдардың арасында ең ықпалды билеуші Даян ханның немересі, Анда хан (Алтынхан) еді. 1562 жылы Анда ханның Ордосты билеп тұрған немере бауыры Хұдоктай Сечин хонтайжы көп әскерімен Ертіс бойына дейін шабуылдап келіп, торғұттарды (торғауыттарды) қырып-жойып, бұлап-талады. 1574 жылы Анда ханның тағы бір туысы Бүйінту Батұр хонтайжі Хангай тауындағы ойраттарға шабуыл жасап, Есілбек кептеуіл бастаған 8 мың хойтты бағындырды. «Монғолдардың ата тегі» атты кітаптың 6-бабында баяндауынша Хұдоктай Сечен хонтайжі 1572 жылы қазақ жеріне дейін шабуылдап барып, Тоқмақ өңірінде Ақсар ханды жеңеді. Қайта қайтқан жолында Ақсар хан 100 мың қолмен қуып келіп, Хұдоктай Сечен хонтайжі бастаған монғол қолын ойсырата жеңеді [10, 115 б.].

Бұдан кейін «Миң патшалығының тарихы – У-цзун баяны» (明史.武宗传), «Миң патшалығы тарихы-батыс өңір» (明史.西域传) тектес кітаптарда Анда ханның ойраттарға тағы бірнеше мәрте шабуыл жасағаны жөнінде мәліметтер берілген. Бұл кезде ойрат-монғол арасында арақідік қалыптасқан құдандалық байланыс та бұған дейін жалғасып келген өш-қастық пен жер таласынан туындаған ұрыс-керіске, жаугершілікке тосқауыл бола алмады. Ендігі кезде ойрат пен монғол жұрты арасындағы талас-тартыс күн сайын асқына түсті. Ең алдымен Ганьсу, Көкнұр атырабындағы монғол ақсүйектері ойраттардың өздеріне әскери күшпен қауіп төндіруінен алаңдап, Анда ханнан әскер шығырып оларды солтүстік батысқа қарай ығыстыруды талап етті. Ал солтүстігіндегі Халқа монғолдары да бұған үн қосып, ойраттардың солтүстік-шығыс бағытынан қыспаққа алып, оларды жедел түрде батысқа қарап көшуге мәжбүрледі.

XVI ғасырдың орта шенінен бастап ойраттар батысқа көшу, басқа елдермен ұдайы соғысу барысында батыстағы түркі тілдес халықтар мен шығыстағы монғол қауымының кей этникалық құрамдарын қабылдап, ең соңында жоңғар (өлет немесе чорос), дөрбіт, торғұт (торғауыт), хошұт, хойт қатарлы ірі тайпалардан құралған біртұтас ел ретінде қалыптаса бастады. «Жоңғар» атауының тарихи әдебиетте қалыптасуы мен Қазақ хандығына ойраттар тарапынан қысымның күшейе түсуі де осы кезбен тұспа-тұс келеді. Қазіргі заманғы қалмақ



тарихшылары XVI ғасырдың 50- жылдарының басында ойраттар түметтік моңғолдардың көсемі Алтан ханнан жеңіліп, батысқа қарай ығысуға мәжбүр болды дейді [30, 16 б.]. Бұл дұрыс айтылған тұжырым.

Ойраттардың жаппай батысқа – Жоңғар шегіне көшіп келуі олардың арасында өріс-қонысқа деген сұранысты күшейтті. Сол себепті, олар Жоңғар қақпасының батысындағы, Жетісу мен Арқадағы, Ертіс бойындағы шұрайлы жайылымдарға қол жеткізуді ойлады.

Зерттеу нәтижелері

Мақалада төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

1) Моңғол Юань патшалығының патшасы Тоған Темірден (1333-1368) кейін билік құрған оның ұлы Аюшыдара (1370-1378), немересі Төгіс Темір (1378-1388) кезіндегі Мин әулетімен болған соғыстар кезінде ойраттардың белсенді рөл атқарып, біртіндеп күшейіп, ойрат-моңғол одағындағы шешуші факторға айналғаны зерттеп – зерделенді;

2) Ойраттар мен моңғол Шыңғыс әулетінің арасындағы қақтығыс бұл кезде жаңадан құрылған Мин патшалығы үшін тиімді болды. Олар Шыңғыс әулетінің де, ойрат ақсүйектерінің де бір-бірімен соғыс нәтижесінде әлсірегенін қалайтын. Ал ойрат ақсүйектері үшін Шыңғыс әулеттері бұл кезде нағыз қарсыластарға айнала бастады. Шыңғыс моңғолдарына деген өшпенділік ойраттардың біріккен ойрат одағының қалыптасуындағы негізгі қозғаушы фактор болғаны дәлелденді;

3) Ойрат тайшысы Батуланың ұлы Тоған тайшаның Шыңғыс моңғолдың ханы Арғұтайға қарсы соғыста жеңіске жетіп, бүкіл ойрат-моңғолдың басқару билігін өз қолына алғаны, кейін бұл күзіреттің оның ұлы Есен тайшаға өтіп, ол өзін бүкіл Ойрат-Моңғолдың ханы ретінде жариялаған барысы тәптіштей зерттелді. Есен тайша өз ықпалын жан-жаққа кеңейтіп, оңтүстікте Миң хандығының шекара шебіне шабуыл жасап, бір кездегі ұлы Юан хандығын қайтадан құру ойында болды.

4) Шыңғыс Түркістанның солтүстігінде ойрат хандығының қалыптасу барысы (яғни ойраттардың бірлікке келуі – 1418-1450 жылдары) Орта Азиямен Дешті-Қыпшақта Қазақ хандығының (ордасының) құрылу барысымен (қазақтардың бір орталыққа бағыну) тұспа-тұс келгені, ойраттар Есен тайша кезінде 1452 жылы Шу өзенінің жағасына дейін жеткені, Қазақ-қалмақ соғыстары XIV ғасырдан бастап, 1771 жылға дейін 300 жылға жалғасқаны атап көрсетілді;

5) 1465 жылы Жәнібек пен Керей хандар Моғолстан билеушілерінің қол астындағы Шу өзені бойынан шаңырақ көтеріп, дербес Қазақ Ордасын құрған кезде Орта Азияда екі ірі қуатты мемлекет – Қазақ Ордасы мен Ойрат жұрты қалыптасып болғаны дәлелденді.

6) Бүгінге дейін хатқа түскен ойраттар мен Орта Азия және Қазақстан билеушілерінің арасындағы ең алғашқы қарым-қатынас XIV ғасырдың соңғы кезеңіне тұспа-тұс келетіні, яғни, 1397 жылы Темір Дешті-Қыпшаққа, Кавказ бен Орыс жеріне жасаған жорығынан қайтып келе жатып Акташ деген жерде ойрат елшісін қабылдағаны ғылыми жаңалық ретінде ұсынылды. Алайда, Темір ойратқа өз елінің шығысынан жер беруге қарсы болады. Ойраттардың шабуылының алдын алу, күш-қуатын бағамдау үшін 1425 жылы Әмір Темірдің немересі Ұлықбек қыс бойы әсерлерімен Шыңғыс Түркістанға қарасты Жұлдыз атырабындағы таулы алқапта – ойраттар қоныстанған жерлердің оңтүстігімен және батысымен шекараласатын өңірде бірнеше ай бойы тұрады.

Қорытынды

Жоғарыдағы мәліметтерді қорыта келе мынандай қорытындыға келуге болады:

Жоңғарлардың Қазақ жеріне қарай кеңеюі бір уақытта, аса қарқынды түрде болмаған. Керісінше өріс-қоныстарға ие болу мақсатында біртіндеп кеңею жолымен жүзеге асқан. Олар ең әуелі Орта Азияның ұланғайыр құнарлы жайылымдарына қызыққан. Сонымен бірге, Хәси



дәлізін, Құмылды, Тянь-Шаньның оңтүстігі мен солтүстігін басып алу арқылы Шығыс пен Батысқа қатынаған Жібек жолын өз бақылауына алмақ болған.

Ойраттардың біртіндеп кеңеюі нәтижесінде олар мен қазақтар арасында жайылымды, сулы, шұратты жерлерге талас басталды. Бұл таластың соңы міндетті түрде қарулы қақтығыстарға ұласып, екі жақ ұзақ уақыт бойы бірін бірі алма-кезек жеңіп, не жеңіліп отырды. Мысалы, Қазақ Ордасының күшеюіне байланысты, ойраттардың көрші аймақтарға бағыттаған шабуылдары сәтсіздікке ұшырап, олардың батыс жақ бөлігі XVI ғасырдың соңын ала Қазақ Ордасына тәуелді болып қалды. Сондықтан Ресейдің 1594 жылы Ноғай Ордасына жіберген елшісі Данила Губин қазақтардың күштілігі және олардың төңірегіндегі жұрттарды бағындырғаны жайында хабарлаған. 1595 жылғы Қазақ елшісі Құл-Мұхаметтің Мәскеуге жасаған елшілігі туралы хаттамада Тәуекелді «қазақтар мен қалмақтардың (ойраттардың) патшасы» деп атаған.

XVI ғасырдың орта шенінен бастап ойраттар батысқа көшу, басқа елдермен ұдайы соғысу барысында батыстағы түркі тілдес халықтар мен шығыстағы монғол қауымының кей этникалық құрамдарын қабылдап, ең соңында жоңғар (өлет немесе чорос), дөрбіт, торғұт (торғауыт), хошұт, хоит қатарлы ірі тайпалардан құралған біртұтас ел ретінде қалыптаса бастады.

Алғыс

Жұмыс ҚР ҒЖБМ 2024-2026 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде ВР24993043 – «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрініс» жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ду Жункун 杜荣坤, Бай Суйцин 白翠琴. Батыс монғол тарихы 西蒙古史. – 新疆人民出版社, 1986. – 266 б.

[2] Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

[3] Бира Ш. Монгольская тибетоязычная историческая литература в VII-XIX вв. – У.-Б., 1960.

[4] Бира Ш. Монгольская историография (XIII-XVIII вв.). – М., 1978. – 319 с.

[5] Шмидт И.Я. О народных племенах монголов: Рассуждение, читанное в публичном заседании Императорской Академии наук 29 декабря 1833 г. ординарным академиком И.Я. Шмидтом // ЖМНП. – 1834. – № 1. – С. 299–316.

[6] История Тибета и Хухунора с 1182 года до Р.Х. до 1227 года по Р.Х. с картой на разные периоды сей истории. Ч. I-II. / пер. с китайс. Иакинф Бичурин. – СПб., 1883.

[7] Фу Хэн 傅恒. Батыс өңір шежіресі 西域国志.

[8] Покотилов Д. История восточных монголов в период династий Мин 1368-1634 (по китайским источникам). – СПб., 1893. – 230 с.

[9] Банзаров Д. Об ойратах и уйгурах. Т. I. – Казань, 1849. – 23 с.

[10] Қайыркен Т.З. Ойратнама: Жоңғар мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы, жойылуы. – Астана: Ғылым баспасы, 2015. – 302 б.

[11] Пучковский Л.С. Монгольские, бурят-монгольские и ойратские рукописи и ксилографы Института востоковедения. Вып. I. – М.-Л., 1957.

[12] Златкин И.Я. История Джунгарского ханства 1635-1758. – М., 1983. – 331 с.

[13] Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (извлечения из персидских тюркских сочинений) / ответс. ред. Б. Сулейменов. – Алма-Ата: Издательство Наука. 1969. – 319.



- [14] Қозыбаев М. Дауылпаз баба – Қожаберген / Заманының заңғары (тарихи танымдық жинақ): Қожаберген Толыбайұлының туғанына 350 жыл. – Алматы: «ЗЕРДЕ» баспасы. – 2014. – 468 б.
- [15] Дулати М.Х. Тарихи Рашиди (қытайша). – Үрімжі, 1985. – 365 б.
- [16] 明史.西域传. <https://zh.wikisource.org/wiki/明史/卷332>
- [17] Григорьев В.В. Bator hon-taiji // Entsiklopedicheskiy leksikon (Encyclopedic Lexicon). Т. V. – СПб, 1836.
- [18] Успенский В. Страна Кукэнор или Цинхай с прибавлением краткой истории ойратов и монголов. Т. 6. – ЗИРГО, 1880.
- [19] Грум-Гржимайло Г.Е. Описание путешествия в Западный Китай. Т. II. – СПб., 1896.
- [20] Попов А. Краткие замечания о приволжских калмыках // ЖМНП. – 1839.
- [21] Позднеев А.М. Астраханские калмыки и их отношение к России до начала нынешнего столетия // ЖМНП. – 1866. – Ч. 244.
- [22] Мин Сяоцзун патшаның естеліктері 明孝宗实录, 七十七卷.
- [23] Собрание материалов по истории Золотой Орды. Т. 2. – М.-Л., 1941. – С. 187-188.
- [24] Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе, 1943. – С. 73.
- [25] Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья: Собр. Соч.: В 9 т. Т.2. Ч 1. – М., 1963. – С. 96.
- [26] Jenkinson A. et al. Early voyages and travels to Russia and Persia – L., 1886.
- [27] Катанаев Г.Е. Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай в XVII и XVIII столетиях // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Омск, 1893. – Кн. 14. – Вып.1. – С. 47.
- [28] Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. – Л., 1932. – С. 291.
- [29] Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы. 1961. – 739 с.
- [30] Санчилов В.П. Калмаки в «Истории» турецкого автора XVI в. Сейфи Челеби // Малоисследованные историки по истории дореволюционной Калмыкии и задачи изучения их на современном этапе. – Элиста. 1987. – 271 с.

REFERENCES

- [1] Du, Junkun 杜荣坤, Bai, Suisin 白翠琴. (1986). *Batys mongol tarihy 西蒙古史 [History of Western Mongolia]*. 新疆人民出版社 [in Chinese].
- [2] Marğūlan, Ä. (1985). *Ejelgi jyr, aňyzdar [Ancient poems, legends]*. Almaty: Jazuşy [in Kazakh].
- [3] Bira, Sh. (1960). *Mongol'skaya tibetoyazychnaya istoricheskaya literatura v VII-XIX vv. [Mongolian Tibetan-language historical literature in the 7th-19th centuries]*. U.-B. [in Russian].
- [4] Bira, Sh. (1978). *Mongol'skaya istoriografiya (XIII-XVIII vv.) [Mongolian historiography (13th-18th centuries)]*. M. [in Russian].
- [5] Shmidt, I.Ya. (1834). O narodnykh plemenakh mongolov: Rassuzhdenie, chitannoe v publichnom zasedanii Imperatorskoi Akademii nauk 29 dekabrya 1833 g. ordinarnym akademikom I.Ya. Shmidtom [On the Mongol people's tribes: A discourse read at a public meeting of the Imperial Academy of Sciences on December 29, 1833 by academician I. Ya. Schmidt]. *ZhMNP - Journal of the Ministry of National Education*, 1, 299–316 [in Russian].



- [6] *Istoriya Tibeta i Khukhunora s 1182 goda do R.Kh. do 1227 goda po R.Kh. s kartoyu na raznye periody sei istorii. Ch.I-II. [History of Tibet and Khukhunor from 1182 BC to 1227 AD with a map of different periods of this history. Part I-II.]*. (1883). (Iakinf Bichurin., Trans). SPb. [in Russian].
- [7] Fu, Heñ 傅恒. *Batys öñir şejiresi 西域国志 [Western Region Genealogy]*. [in Chinese].
- [8] Pokotilov, D. (1893). *Istoriya vostochnykh mongolov v period dinastii Min 1368-1634 (po kitaiskim istochnikam) [History of Eastern Mongols during the Ming dynasty 1368-1634 (according to Chinese sources)]*. SPb. [in Russian].
- [9] Banzarov, D. (1849). *Ob oiratakh i uigurakh. T. I. [About the Oirats and Uighurs. T.I.]*. Kazan [in Russian].
- [10] Qaiyrken, T.Z. (2015). *Oiratnama: Joňgar memleketiniń qalyptasuy men damuy, joilyuy [Oiratnama: formation, development and destruction of the Dzungar state]*. Astana: Ğylym baspasy [in Kazakh].
- [11] Puchkovskii, L.S. (1957). *Mongol'skie, buryat-mongol'skie i oiratskie rukopisi i ksilografiy Instituta vostokovedeniya. Vyp. I. [Mongolian, Buryat-Mongolian and Oirat manuscripts and woodcuts of the Institute of Oriental Studies. Vol. I.]*. M-L. [in Russian].
- [12] Zlatkin, I.Ya. (1983). *Istoriya Dzhungarskogo khanstva 1635-1758 [History of the Dzungar Khanate 1635-1758]*. M. [in Russian].
- [13] Suleimenov, B. (Eds.). (1969). *Materialy po istorii kazakhskikh khanstv XV-XVIII vekov (izvlecheniya iz persidskikh tyurkskikh sochinenii) [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (extracts from Persian Turkic works)]*. Alma-Ata: Izdatel'stvo Nauka [in Russian].
- [14] Qozybaev, M. (2014). *Dauylpaz baba – Qojabergen [Stormy grandfather - Kozhabergen]. Zamanynyń zaňgary (tarihi tanymdyq jinaq): Qojabergen Tolybaiůlynyń tuǵanyna 350 jyl [Lawyer of his time (historical knowledge collection): 350th anniversary of the birth of Kozhabergen Tolybayuly]*. Almaty: «ZERDE» baspasy [in Kazakh].
- [15] Dulati, M.H. (1985). *Tarihi Raşidi [Tarikh-i-Rashidi]*. Ürümjı [in Chinese].
- [16] 明史 [History of the Ming Dynasty]. 西域传 [Biography of the Western Regions]. <https://zh.wikisource.org/wiki/明史/卷332> [in Chinese].
- [17] Grigoriev, V.V. (1836). *Bator hon-taiji. Entsiklopedicheskiy leksikon. T. V. [Encyclopedic Lexicon. T. V.]*. SPb. [in Russian].
- [18] Uspenskii, V. (1880). *Strana Kukenor ili Tsinkhai s pribavleniem kratkoi istorii oiratov i mongolov. T. 6. [The Country of Kukenor or Qinghai with the Addition of a Brief History of the Oirats and Mongols. Vol. 6.]*. ZIRGO [in Russian].
- [19] Grum-Grzhimailo, G.E. (1896). *Opisanie puteshestviya v Zapadnyi Kitai. T. II. [Description of a Journey to Western China. Vol. II.]*. SPb. [in Russian].
- [20] Popov, A. (1839). *Kratkie zamechaniya o privolzhskikh kalmykakh [Brief Remarks on the Volga Kalmyks]*. ZhMNP – *Journal of the Ministry of National Education* [in Russian].
- [21] Pozdneev, A.M. (1866). *Astrakhanskіe kalmyki i ikh otnoshenie k Rossii do nachala nyneshnego stoletiya [Astrakhan Kalmyks and Their Attitude to Russia Before the*



Beginning of the Current Century]. *ZhMNP – Journal of the Ministry of National Education*, 244 [in Russian].

[22] *Min Syaotszun patshanyң estelikteri 明孝宗实录 [Memoirs of Emperor Ming Xiaozong]. 七十七卷 [77 volumes] [in Chinese].*

[23] *Sobranie materialov po istorii Zolotoi Ordyy. T. 2. [Collection of materials on the history of the Golden Horde. Vol. 2.]. (1941). M.-L. [in Russian].*

[24] Bartold, V.V. (1943). *Ocherk istorii Semirech'ya [Essay on the History of Semirechye].* Frunze [in Russian].

[25] Bartold, V.V. (1963). *Ocherk istorii Semirech'ya: Sobr. Soch.: V 9 t. T.2. Ch 1. [Essay on the History of Semirechye: Collected Works: In 9 volumes. Vol. 2. Part 1].* M. [in Russian].

[26] Jenkinson, A. et al. (1886). *Early voyages and travels to Russia and Persia.* L.

[27] Katanaev, G.E. (1893). *Kirgizskie stepi, Srednyaya Aziya i Severnyi Kitai v XVII i XVIII stoletiyakh [Kirghiz steppes, Central Asia and Northern China in the 17th and 18th centuries]. Zapiski Zapadno-Sibirskogo otdela IRGO [Notes of the West Siberian Department of the IRGO], book 14, Iss. 1. Omsk [in Russian].*

[28] *Materialy po istorii Uzbekskoi, Tadzhikskoi i Turkmenskoi SSR [Materials on the history of the Uzbek, Tajik and Turkmen SSR]. (1932). L. [in Russian].*

[29] *Kazakhsko-russkie otnosheniya v XVI-XVIII vekakh [Kazakh-Russian relations in the 16th-18th centuries]. (1961). Almaty [in Russian].*

[30] Sanchirov, V.P. (1987). *Kalmaki v «Istorii» turetskogo avtora XVI v. Seifi Chelebi [Kalmaks in the "History" of the 16th-century Turkish author Seyfi Celebi]. Maloisledovannye istoriki po istorii dorevolyutsionnoi Kalmykii i zadachi izucheniya ikh na sovremennom etape [Little-studied historians of pre-revolutionary Kalmykia and the challenges of studying them at the present stage].* Elista [in Russian].

Кайыркен Т.З.

ОЙРАТСКО-МОНГОЛЬСКИЕ ОТНОШЕНИЯ И МИГРАЦИЯ ОЙРАТОВ НА ЗАПАД В XIV-XVI ВЕКАХ

Аннотация. История ойратов имеет особое значение как дополнительный источник для изучения истории Казахстана. Особенно для исследователей истории Казахстана XV-XVIII веков необходимо рассматривать историю ойратов того периода в едином контексте. Это объясняется тем, что события, чередовавшиеся в истории казахского и ойратского народов, оказывали различное влияние друг на друга. В статье всесторонне рассматриваются отношения ойратов с восточно-монгольскими племенами – борьба за власть между ойратами и восточно-монгольской знатью во времена правления Батулы, Тогана и Есена, государственное управление, отношения с династией Мин, территориальные и этнические споры. Также изучаются происхождение ойратов, их исконная родина, отношения с династией Чингисхана, причины их отделения от восточно-монголов и миграции на Запад, их отношения с государством Тимура, Могулстаном и Казахским ханством.

В первой половине XV века могущество ойрата Эсена Тайши распространялось не только на самих ойратов, но и на киргизов на севере, уйгуров в Восточном Туркестане, Ганьсу и Хэсиком коридоре, а также на джурджитов и корейцев на востоке. Однако после смерти Эсена ойраты утратили свои исторические воинские традиции и провели 150 лет в мирных условиях, укрепляясь и совершенствуясь. В это время они потерпели поражение в столкновении с восточными монголами. В результате большинство из них переселилось на запад. Их массовое переселение на обширные территории к северу от Тянь-Шаня стало



возможным только во второй половине XVI века. В статье, посвященной этим масштабным изменениям, подробно рассматриваются исторические обстоятельства, приведшие к тому, что ойраты стали соседями Казахского ханства.

Ключевые слова: ойраты; потомки Чингисхана; восточные монголы; династия Мин; Батула; Тоган; Эсен; Аюшыдара; Эльбе-хан; ойратские племена; места расселения; Даян-хан; Анда-хан; миграция на запад.

Kaiyrken Tursynkhan

OIRAT-MONGOL RELATIONS AND THE MIGRATION OF OIRATS TO THE WEST IN THE 14TH-16TH CENTURIES

Abstract. The history of the Oirats is particularly important as a complementary source for studying the history of Kazakhstan. For researchers of the history of Kazakhstan from the 15th to the 18th centuries, it is especially important to consider the history of the Oirats of that period in a unified context. This is because the successive events in the histories of the Kazakh and Oirat peoples exerted varying influences on each other. This article comprehensively examines the relations of the Oirats with the Eastern Mongolian tribes—the power struggle between the Oirats and the Eastern Mongolian nobility during the reigns of Batuly, Togan, and Yesen, state governance, relations with the Ming dynasty, and territorial and ethnic disputes. It also examines the origins of the Oirats, their original homeland, their relationship with the Genghis Khan dynasty, the reasons for their separation from the Eastern Mongols and migration to the West, and their relations with the state of Timur, Moghulstan, and the Kazakh Khanate. In the first half of the 15th century, the power of the Oirat ruler Esen Taishi extended not only to the Oirats themselves, but also to the Kyrgyz in the north, the Uyghurs in East Turkestan, Gansu, and the Hexi Corridor, and the Jurjits and Koreans in the east. However, after Esen's death, the Oirats lost their historical military traditions and spent 150 years in peace, growing stronger and more sophisticated. During this time, they suffered defeat in a clash with the eastern Mongols. As a result, most of them migrated west. Their mass migration to the vast territories north of the Tien Shan became possible only in the second half of the 16th century. This article, devoted to these large-scale changes, examines in detail the historical circumstances that led to the Oirats becoming neighbors of the Kazakh Khanate.

Keywords: Oirats; descendants of Genghis Khan; Eastern Mongols; Ming dynasty; Batula; Togan; Esen; Ayushy dara; Elbe Khan; Oirat tribes; places of settlement; Dayan Khan; Anda Khan; migration to the west.